



# QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№13 (1971) 12 СӘУІР 2025 ЖЫЛ

## 12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

# Мақсат – өндіріспен күш біріктіру



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күніне орай, ғалымдарды марапаттау рәсімінде: «Ғылым жолы – күрделі жол. Өзіне адал, табанды, еңбекқор, жаңашыл әрі жасампаз адамдар ғана ғылым жолындағы қиындыққа төзе алады. Біз шын мәнінде озық ойлы ұлт боламыз десек, қоғамда осы қасиеттерді дәріптеп, орнықтыруымыз қажет», – деп атап өтті. Сондай-ақ «Қазір технология қарқынды дамыған кезеңде біз үздіксіз ізденіске, терең білім мен ғылымға ерекше мән беруіміз керек. Бұл ретте ғылыми қауымдастыққа айрықша жауапкершілік жүктеледі. Өйткені ғалым – ұлттың шамшырағы», – деп, ғылым қызметкерлерінің қоғамдағы рөліне жоғары баға берді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ зерттеу университеті ретінде ғылымды дамыту мен инновациялық инфрақұрылым жүйесін жаңарту және ғалымдарды әлеуметтік қолдау шараларын жақсарту мақсатын әрдайым алдыңғы қатарға қойып келеді. 2024 жылы оқу орнының ғалымдары 402 ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асырды. Оның ішінде 321 жоба Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы аясында орындалды. Ал 17 жоба бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жолымен атқарылды. Сондай-ақ 48 халық-

аралық жоба сәтті сабақталып, 15 ұйым және кәсіпорынмен шаруашылық шарттар шеңберіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бір жоба «Ғылым қоры» АҚ ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша іске асты.

2021 жылы университет ғалымдары жалпы сомасы 2782,1 млрд теңгені құрайтын ғылыми жобаларды жеңіп алса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 13 млрд теңгеге өсті. Нәтижесінде 252,53 млн теңге көлемінде кіріс түсіп, ғылыми әлеуетті көтеруге мүмкіндік туа бастады.

ҚазҰУ базасында тек бір жылдың ішінде 30-ға жуық зертхана ашылып, ғалымдар игілігіне берілді. Атап айтқанда Суперкомпьютер кластері, Робототехника және мехатроника бойынша компетенция орталығы, «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығы, «Қашықтықтан зондау технологиясы және қолдану» зертханасы, «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығы, Орталық Азиядағы тұрақты даму орталығы, «Farabi chem science» кластері, «Chemical Coatings Innovations» химиялық ғылыми-өндірістік орталығы бой көтерді.

Университет ғылымының қарқын алып, жаңа жобалардың қаржылай гранттарға ие болуына ең алдымен мемлекеттің қолдауы зор. Әсіресе жас ғалымдар Президент қамқорлығын айқын сезіне бастады. 14 жас ғалым Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың атынан пәтер кілтін алып, баспанаға қол жеткізді.

Жалғасы 2-бетте



# Түркітанудың жаңа бағыттарын айқындады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жас түркітанушылар мен білім алып жатқан жастарға арналған «Neotürk: ғасырлар мен технологиялар тоғысында» атты халықаралық ғылыми конференция өтті.

ҚазҰУ мен Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қоры бірлесе ұйымдастырған іс-шара түркі халықтарының тілі, тарихы мен мәдениетін зерттеу саласына жас ғалымдарды жұмылдыруға бағытталған.

Ауқымды жиынға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті, мемлекет және қоғам қайраткері Ақтоты Райымқұлова, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан, Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының білім жөніндегі кеңесшісі Айхан Кормаз,

шетелден келген ғалым-сарапшылар, ҒЗИ басшылары, жас зерттеушілер мен студенттер жиналды.

Конференция барысында ҚазҰУ-дың филология факультетінде академик, көрнекті ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әбдуәли Қайдар атындағы Халықаралық түркі мәдениеті және мұрасы орталығы салтанатты түрде ашылды.

Жиынды ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев ашып, түркі халықтары арасындағы байланысты жандандыру бағытында университетте жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат берді.

Жалғасы 4-бетте



3-бет

Ғылым –  
дамудың  
қозғаушы күші



4-бет

ЖИ саласын  
дамытуға  
мән беріледі



5-бет

Топырақ  
экологиясы  
зертханасы



Соңы. Басы 1-бетте

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

# Мақсат – өндіріспен күш біріктіру

Ғылым саласына жасалған қолайлы жағдай ғалымдардың ынтасын оятып, құлшынысын арттырды. Былтыр қазақстандық ғалымдар Scopus дерекқорында индекстелетін 9410 ғылыми еңбек жариялады. Оның 1589 жарияланымы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі, яғни университет ғалымдарының үлесі қазақстандық жарияланымдардың жалпы санының 16,8 пайызын құрады.

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметін дамытуда халықаралық ғылыми-білім беру байланыстарын жүйелі түрде кеңейту, шетелдік тәжірибені пайдалану маңызды рөл атқарады. Сондықтан бірлескен ғылыми зерттеулер Erasmus+ және ЕҚЫҰ халықаралық бағдарламалары аясында, сондай-ақ «Болашақ», Америка кеңестері, БҰҰ, ЮНЕСКО, Франция Сефасиль қоры, DAAD, Қытай Ғылым академиясы сияқты халықаралық қорлар және ұйымдармен жүзеге асырылады. 2021 жылы 62 оқытушы-профессор, 8 ғылыми қызметкер, 226 магистрант, 77 докторант халықаралық ұтқырлық бағдарламасымен білім мен білігін жетілдіріп қайтты. Ал 2024 жылы бұл мүмкіндікті 707 оқытушы-профессор, 106 ғылыми қызметкер, 345 магистрант, 337 докторант пайдаланды.

Университет өз ғалымдары мен профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми қызметінің жетістіктері мен нәтижелерін ғылыми іс-шараларды өткізу арқылы да белсенді түрде насихаттайды. Жақында Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп 200-ге жуық бизнес өкілдерінің қатысуымен «Ғылым, бизнес және өндіріс ықпалдастығы» атты форумын ұйымдастырды.

Мемлекет басшысы ғалымдарды марапаттау рәсімінде «Ғылымның жүйелі дамуы үшін мемлекет пен бизнес, университеттер мен ғылыми орталықтар күш біріктіруі қажеттігін» тағы бір мәрте еске салды. Осы ретте университет ғалымдары қалалық әкімдікпен, бизнес-ортамен, өндіріс орындарымен жұмысты жандандыруға дайын. Алматының болашақ келбетін – экологиялық таза, жайлы және тұрақты, ақылды қала ретінде бірге құру үшін ұсынастары да бар. Мәселен, жаңа технологиялар мен инновацияларды дамытуға бағытталған «Отандық әлеуметтік гуманоидты роботты өзірлеу және зерттеу» жобасын атап айтуға болады. ҚазҰУ ғалымы, академик Жұмаділ Байкөншековтің басшылығымен қолға алынған. Мақсаты – «Ai-Gerim» деп аталатын отандық қашықтан басқарылатын әлеуметтік гуманоидты роботты құру. «Ai-Gerim» – ең мобильді гуманоидты роботтан және «Qamqor» интеллектуалды ақпараттық жүйесінен тұратын күрделі және көпфункционалды құрылғы. Қарапайым тілмен айтқанда, ҚазҰУ ғалымдары адамдармен қарым-қатынас жасауға, олардың қажеттіліктерін түсінуге және нақты көмек көрсетуге қабілетті, адамға ұқсас робот құру үстінде. «Ai-Gerim» роботын қоғамның әртүрлі салаларында қолдануға болады. Яғни үйде отырған

адам Wi-Fi арқылы «Ai-Gerimді» қашықтан басқара отырып, мұражайда гид, дүкенде кеңесші немесе супермаркетте сатушы міндетін атқарта алады. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қолын ұзартып, өмір сүру сапасын жақсартуға үлес қосады. «Ai-Gerim» 21 еркіндік дәрежесіне ие. Триподтармен қозғалатын бас пен магистральдың бірегей дизайны адамның табиғи қозғалысын қамтамасыз етеді. «Qamqor» ақпараттық жүйесі телекөрсетілім, қашықтан басқару және кері байланыс жүйелерінің принциптеріне негізделген. Бұл операторға роботтың «ішіндегі» құбылыстарды сезінуге және оны мүмкіндігінше тиімді басқаруға жол ашады.

ҚазҰУ ғалымдары маңызы бар үлкен қалаларда көлік кептелісін шешіп, қозғалысты реттеу үшін тағы бір жаңа ғылыми шешім ұсынып отыр. Ақпараттық технологиялар факультетінің доценті Бауыржан Белгібаевтың жетекшілігімен «Ел мегаполисінің ақылды бағдаршамының нейрондық компьютерлік көрінісі» өзірленді. Жобаның бірінші кезеңінде веб-камералармен жабдықталған шағын компьютерін қолданатын бағдаршамның бір камералы моделі жасалды. Бұл камера эксперименттік зерттеулерге мүмкіндік беретін нейрондық желісімен біріктірілген. Зерттеу нәтижесінде бұл шағын компьютер көліктердің кептелісін анықтап, тиімді басқаруға және көрсетілген бағыттағы көлік қозғалысын жылдам реттеуге қабілетті екенін дәлелдеді. Деректермен бөлісу үшін Bluetooth интерфейсі қолданылды. Камера көп орнатылған көше қиылыстарында күрделі және ауқымды шешімдер үшін AnyLogic жүйесіне ықпалдас-тырылған тәсіл қолданылды. Абай-Саин көшелерінің қиылысына жол айырбастаудың үш өлшемді моделі жасалды. Сондай-ақ нейрондық компьютерлік көрумен бағдаршам жұмы-



сының фазалары туралы деректер AnyLogic Excel кестелерімен біріктірілді. Сонымен қатар нейрондық компьютерлік көруі бар көпкамералы консольдар жасалды. Құрылған жартылай өнеркәсіптік прототип пайдалы модель ретінде патенттелді. Прототиптер жұмысының маңызды аспектісі олардың ықтимал киберқауіптер мен төтенше жағдайлардан қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл жүйені отандық және халықаралық деңгейде киберқауіпсіздік саласындағы жетекші мамандар мұқият тексеріп, техникалық стандарттарға сәйкес келетінін растайтын арнайы сертификат берілді.

Жобаның келесі кезеңі бағдаршамдарды нейрондық компьютерлік көру қабілетімен цифрлық сыңарды пайдалана отырып, болжау деңгейіне дейін көлік ағынын автоматтандырылған басқару жүйесіне біріктіруге бағытталған.

Президент ІТ мамандарын даярлауды күшейтіп, оқушылар мен студенттерге жасанды интеллект дағдыларын үйрету қажеттігін үнемі назарда ұстап келеді. Осыған сәйкес, ақпараттық технологиялар факультетінің аға оқытушысы Гүлшат Әмірханованың жетекшілігімен

зерттеушілер тобы «Жасанды интеллект пен IIoT технологияларын қолдана отырып, тамақ өнеркәсібі кәсіпорнының цифрлық сыңарын өзірлеу» жобасымен жұмыс істеуде.

Жобаның негізгі міндеті – саланың қазіргі жағдайын зерттеу, қажеттіліктерді анықтау, архитектураны жобалау, базалық модельдерді құру. Сондай-ақ цифрлық сыңардың симуляциялық және интеграциялық компоненттерін өзірлеу және тестілеу. Жұмыс барысында тамақ өнеркәсібін автоматтандыру және цифрландыру нарығы талданды. IIoT, жасанды интеллект, цифрлық сыңарлар және таратылған технологиялар сияқты заманауи тенденциялар зерттелді. Ғалымдар автоматтандырудың, логистиканың ағымдағы деңгейіне баға берді. Жиналған ақпарат негізінде икемділікке, ауқымдылыққа және деректерді нақты уақыт режимінде интеграциялауға бағытталған цифрлық сыңардың бастапқы көпдеңгейлі архитектурасы жасалды.

Жұмыстың маңызды кезеңдерінің бірі негізгі өндірістік жабдықтар мен инфрақұрылымның 3D модельдерін құру, процестерді имитациялық модельдеу және оңтайландыру болды. Нәтижесінде тамақ өнеркәсібі кәсіпорнының цифрлық сыңарын өзірлеу бойынша жүргізілген жұмыс қазіргі заманғы технологияларды енгізудің теориялық қана емес, тәжірибелік маңыздылығын да көрсетті. Ғылыми жоба нәтижесі өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға және өсіпорындардың жұмысын оңтайландыруға ықпал етеді.

Ал 12 ғалым мен жас зерттеушілерден құралған зерттеу тобы «Машина динамикасындағы күрделі сызықтық емес қасиеттері мен өзгермелі құрылымы бар механикалық деформацияланатын жүйелерді талдаудың мате-

матикалық модельдері мен әдістерін дамыту» жобасы аясында жұмыс атқаруда. Аталған жобаның жетекшісі – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Леля Хаджиева. Жоба мұнай-газ саласындағы машиналар мен бұрғылау жабдықтарының динамикасын зерттеуге арналған. Әсіресе бұрғылау бағандарының тұрақтылығын болжау және олардың динамикалық көрсеткіштерін жақсартуды көздейді.

Ұңғымаларды бұрғылау кезінде кездесетін сызықтық емес динамиканың күрделілігі мен әртүрлі себептер оның шешімін табуды қиындатады. Бұл мәселе әлі де зерттеушілер үшін ең күрделі әрі шешілмеген түйткілдердің бірі болып отыр. Жоба аясында ғылыми топ сызықтық емес орталардың үш өлшемді деформациясының математикалық моделін өзірледі. Бұл модель бұрғылау бағандарының конструкцияларын, жүктеме жағдайларын және қоршаған ортамен өзара байланысын ескереді.

Бұрғылау бағандарының қозғалысын және оларды дінрлден қорғауды есептеу үшін арнайы бағдарламалар жасалды. Сонымен қатар жүйенің динамикасын түсінуге үшін OpenGL сипаттамасына негізделген бұрғылау бағаны қозғалысының үш өлшемді визуализациясы мен анимациясы дайындалды. Зерттеушілердің айтуынша, жобада жүзеге асырылған идеялар қазіргі уақытта қолданыстағы аналогтардан ерекше. Себебі олар сызықтық емес механика саласындағы соңғы жетістіктерді заманауи ІТ технологияларымен біріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Мақала соңында Мемлекет басшысының ғалымдарды елең еткізген маңызды сөзіне арнайы тоқталып өткім келеді. Президент: «Біз сын-қатерлердің бәрін әрдайым өзіміздің басым бағыттарымызды басшылыққа ала отырып еңсеріп келеміз. Сыртқы қолайсыз факторлардың ықпалына қарамастан, дамудың даңғыл жолын жалғастыра береміз. Негізгі инфрақұрылымдық жобалар мен басқа да бастамалар толығымен орындалады», – деп атап өтті.

Инфрақұрылымдық жобалар мен ғылыми бастамалардың орындалуы ғалым-зерттеушілерге серпін беріп қана қоймай, әлемдік дағдарыспен күресуге де көмектеседі. Сондай-ақ тәуелсіздік жылдары түрлі себеппен ғылымнан алшақтап кеткен білікті мамандарды ғылыми ортаға қайта тартуға ықпал етері анық.





# Түркітанудың жаңа бағыттарын

## айқындады

Соңы. Басы 1-бетте

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Біз ғылымды дамыту, соның ішінде қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін көп жұмыс істеп жатырмыз. Тарихымыздың әр бөлесі бізге бөлінуді емес – бірігуді, қиратуды емес – жасампаз болуды үйретіп келеді. Тарихи-мәдени мұрамызды ХХІ ғасырға сай жаңғыртып, жүйелі түрде дәріптеуіміз қажет», – деп атап өтті. Университет түркі әлеміндегі руханият, білім, ғылым салаларын дамытуға белсенді атсалысуда. Жыл сайын түркітанушылардың халықаралық конгресі өтіп келеді. Бүгінде оқу ордасында Түркология және тіл теориясы кафедрасы табысты жұмыс істейді. ҚазҰУ базасында Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты құрылған. Ғылым мен мәдениет қатар дамып жатқан бүгінгі заманда бізге жаңа ойлар мен тың көзқарастар қажет. Бұл ретте жас түркітанушы ғалымдарға үлкен жауапкершілік жүкте-



луде. Түркі әлемінің бай мұрасын бүгінгі күн тұрғысынан зерттеу – өткенімізді ғана тану емес, болашаққа бағыт-бағдар ұсыну», – деді ректор.

Өз кезегінде Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова түркі халықтарының бірлігін нығайту мақсатында мәдени және рухани бағыттағы жұмыстарды жандандыру қажет екенін атап өтті.

«Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие, лайықты мүмкіндік беру – баршамыздың ортақ борышымыз. Өскелең ұрпақтың арманы болашақтың бағытын айқындайды. Бүгінгі халықаралық жас түркітанушылар конференциясы дәл осы маңызды тақырып төңірегінде ұшқыр ой қозғап, терең талқылауға жол ашпақ», – деді Ақтоты Рахметоллақызы.

Сонымен қатар халықаралық шарада Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан, Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының білім жөніндегі кеңесшісі Айхан Кормаз, филология ғылымының докторы, профессор, Түркітану және тіл теориясы кафедрасының меңгерушісі Раушангүл Авакова, ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры Төрәлі Қыдыр және т.б. ғалымдар сөз сөйледі.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Ғылым апталығы» аясында оқу ордасының оқытушы-ғалымдарымен кездесу өткізді.

Жиында университеттік ғылымды ілгерілету және цифрландыру шаралары, соның ішінде жасанды интеллект саласын дамыту мәселесі қаралды.

ЖОО басшысы Жансейіт Түймебаев барлық сала қазіргі таңда жасанды интеллекттің көмегімен дамып жатқанына тоқталды.

«Бүгінде жасанды интеллект технологиясы қарқынды даму үстінде. Дегенмен біз соның қауіпсіздігінің алдын ала отырып, отандық ІТ саласын дамытуға өз үлесімізді қосуымыз қажет. Осы тұрғыда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында Орталық Азиядағы өз қуатты суперкомпьютер орнатылды. Ол отандық инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. Яғни ғалымдардың жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, нәтижені жеделдетеді. Жоғары технологиялық құрылғы деректерді жинау, есептеу техникаларын шешу сынды жұмыстарды атқарады. Суперкомпьютердің

## ЖИ саласын дамытуға мән беріледі



өнімділігі 2000 терафлопсты құрайды. Сондықтан ҚазҰУ ғалымдары аталған суперкомпьютердің күшін пайдалана отырып, жасанды интеллектті дамыту бойынша ұсыныстарын қарастырулары қажет», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз сөзінде ректор жасанды интеллект технологиясын меңгеруде оқу ордасының оқытушы-ғалымдарын шетелге тағылымдамаға жіберу мәселесін көтерді.

Сондай-ақ Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ базасында жасанды интеллект факультетін құру жөнінде ұсынысын жеткізді. Бұл өз кезегінде осы саладағы білікті мамандарды көбейтуге, жастардың шетелге бармай, Қазақстанда білім алуына, жасанды интеллект арқылы жасалатын киберқауіпсіздіктің алдын алуға мүмкіндік береді.

Гүл БАЯНДИНА



## Бірлескен цифрлық орталық құрылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Jiangsu Huibo Robotics Technology Co компаниясының Халықаралық байланыс және негізгі тапсырыс берушілермен жұмыс департаментінің директоры Ли Вэнмен жүздесті.

Кездесу барысында қос тарап өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, инновациялық технологияларды бірлесіп жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

Келісім аясында ҚазҰУ Қытай компаниясымен бірлесіп робототехника саласында цифрлық орталық ашады. Орталықты құру жұмыстарын ҚазҰУ тарапы жүргізсе, құрал-жабдықтармен және роботтармен қамтамасыз ету жұмыстарын Қытай компаниясы іске асырады. Бұған қосымша меморандум аясында универси-

теттің білім алушы жастары Jiangsu Huibo Robotics Technology Co компаниясынан тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алады.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қытай ЖОО-ларымен әріптестік байланысты жандандыру мақсатында жүйелі жұмыс істеп келеді. Университет базасында ZTE, Benlin, BASF корпорацияларының орталықтары іске қосылған. Бүгінгі келісім болашақта білікті мамандарды даярлауға, тәжірибе алмасуға, ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыруға тың серпін береді деп сенемін», – деді ректор.

Өз кезегінде Ли Вэн ынтымақтастықты нығайту маңызды қадам болатынын тілге тиек етті. Сондай-ақ бірлескен жобалар бойынша жұмысты одан әрі жандандыруға компания тарапы дайын екенін жеткізді.

Келіссөз нәтижесінде тараптар аталған ұсыныс-пікірлерді және меморандумда көрсетілген бастамаларды жүйелі түрде жүзеге асыруға уағдаласты.

## Жас ғалым пәтерлі болды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жас ғалымы, аға оқытушы Динара Калмакова Ғылым қызметкерлері күні қарсаңында екі бөлмелі пәтердің иесі атанды.

Баспана кілтін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғалымдарды марапаттау рәсімінде Динара Танатқызына табыстады. Салтанатты іс-шарада Президент ғылымның әр саласында табысты еңбек етіп, мемлекетімізді өркендетуге атсалысып жүрген азаматтарға ризашылығын білдірді.

Динара Калмакова қазіргі таңда ҚазҰУ базасындағы Экономика және бизнес жоғары мектебінде аға оқытушы болып жұмыс істейді.

«Елімізде жас зерттеушілерге мемлекет тарапынан көп



көмек көрсетілуде. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан екі бөлмелі пәтердің кілтін алу мен үшін үлкен мәртебе. Бұл маған зор жауапкершілік жүктейді. Болашақта ғылым жолындағы ізденістерімді тереңдетіп, отандық ғылымды дамытуға өз үлесімді қосамын деп сенемін», – деді Динара Танатқызы.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінде Топырақ экологиясы зертханасы ашылды.**

докторанттар Батыс Қазақстан өңірі топырағының экологиялық мәселелері бойынша зерттеулер жүргізді. Олар топырақтағы ауыр металдардың мөлшерін бақылап, оның физика-химиялық қасиетін және механикалық гранулометриялық құрамын талдады. Сондай-ақ топырақ ластануының жинақтық көрсеткіші бойынша зерттелетін аумақтың ластану деңгейінің қауіпті санатын анықтады.

Белгілі бір географиялық заңдылықтарға сәйкес, Қазақстан территориясы аума-



топырақтану саласындағы фундаменталдық ғылыми зерттеуге бағытталған шешімдердің басым болуы өте маңызды.

Топырақ жамылғысындағы теріс өзгерістерді аридизация, тұздану, деградация, батпақтану, ластану мәселелерін ескере отырып, қазіргі топырақ ресурстарының жағдайын көрсенді бағалау, заманауи картографиялық әдістерді қолданып жүзеге асырса тиімді болады.

Қазіргі уақытта жер ресурстарын басқару мәселелері ерекше маңызға ие болып отыр. Сонымен қатар тұрақты даму мақсатында аумақтарды басқару, топырақ жамылғысының экологиялық жағдайын бақылау, топырақтың құнарлылығын сақтау және қалпына келтіру, топырақтардың трансформациясы тенденцияларын болжау өзекті мәселелер болып саналады.

Осыған орай, Топырақ экологиясы зертханасының зерттеу жұмыстары өзекті мәселелердің бірі және зерттеу жұмысының нәтижелері халықаралық деңгейде ғылыми ізденістерде жариялануда. Осы жылы Scopus базасындағы рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда үш мақала және Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық рецензияланатын басылымда үш мақала жарияланды. Сондай-ақ ҚР патенттік бюросынан бір патенттік құжат алынды.

Сонымен бірге зертханада докторанттар мен магистранттар диссертациясы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Студенттер топырақтану, топырақ мелиорациясы пәндерінен осы зертханада тәжірибелік жұмыстар жасайды. Жоғарыда аталған топырақ жамылғысындағы экологиялық мәселелерді ескеретін болсақ, онда елімізде топырақтың экологиялық жағдайына талдау жасай алатын зертханалардың көптеп ашылуы өте маңызды.

Топырақтың жағдайына зерттеу жүргізетін зертханалар жоғары оқу орындарында және өңірлерде көбірек ашылса еліміздің топырақ ресурсын қорғауға, тиімді пайдалануға, тұрақты дамуға үлесін тигізеді. Топырақтың дұрыс пайдаланылуы және қорғалуы – бұл экожүйенің тұрақтылығын сақтау және климаттық өзгерістердің әсерін азайту үшін маңызды.

Осылайша Топырақ экологиясы зертханасы тұрақты дамудың 15-ші мақсаты аясында құрлық экожүйелерінің тұрақтылығын сақтауға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізіп, экологиялық білім мен әдістемелерді дамыту арқылы топырақты қорғау және қалпына келтіру бағытында маңызды үлес қосады.

**Гүлжанат МҰҚАНОВА,**  
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының профессоры міндетін атқарушы

# Топырақ экологиясы зертханасы

ғындағы орналасқан топырақ жамылғысы алуантүрлілігі, күрделі сипатымен ерекшеленеді. Елімізде топырақ ресурстары ауыл шаруашылығында кеңінен пайдаланылады. Екіншілік аудандарда топырақ жамылғысын аймақтың агроэкологиялық потенциалын ескерусіз және ғылыми негізсіз қарқынды пайдалану топырақ құнарлылығының төмендеуіне әкелді. Тың жерлерді игеру нәтижесінде топырақ құнарлылығының негізгі көрсеткіші – гумустың үштен бір бөлігі жоғалған. Суармалы алқаптарды тиімсіз пайдалану салдарынан топырақтың екінші рет тұздануы, батпақтану, физика-химиялық қасиетінің нашарлауы және ирригациялық эрозия пайда болған. Осыған байланысты ауылшаруашылық жерлерінің көлемі айналымнан шығарылып тасталынауда.

Сонымен қатар жер қойнауындағы табиғи ресурстарды барлау, өндіру, тасымалдаумен байланысты іскерлік белсенділіктің қарқынды дамуы топырақ жамылғысына және қоршаған ортаның барлық компоненттеріне жағымсыз әсерін тигізуде. Өндірісі қарқынды дамыған аймақтарда топырақ жамылғысы салдары өте қауіпті ауыр металдар, радионуклидтер, мұнай



өнімдерімен техногенді ластануда.

Қазақстанның кең аумағында экологиялық тұрғыдан бұзылған топырақтардың сан алуан түрлерінің үйлесуі дағдарыстық жағдайды тудырып жатқан бірнеше аймақтарды бөліп көрсетуге болады.

Каспий маңы аймағында жайылымдық және техногендік топырақ жамылғысының деградациясы кең таралған. Ол суармалы жерлерде екінші рет тұздану ошақтары, топырақтың мұнай өнімдері, химиялық реагенттер және

радионуклидтермен ластануы арқылы сипатталады.

Арал маңында топырақтың қарқынды шөлденуі, тұздануы және дефляция сияқты экологиялық апатты жағдай қалыптасқан.

Орталық және Шығыс Қазақстанның ірі өнеркәсіптік аймақтарында техногендік бұзылулар мен өнеркәсіптік ластану ошақтарымен ерекшеленеді.

Жоғарыда аталған мәселелерді ескерсек, еліміздің қазіргі заманауи топырақ-экологиялық жағдайын зерттеуде



Топырақ экологиясы зертханасының ғалымдары Т.Базарбаева, Б.Шимшиков, З.Тукенова, Г.Мұқанова және

**Экономика және бизнес жоғары мектебінде жаңа «Тұрақты даму мақсаттары» аудиториясының ресми ашылуы өтті. Аталған аудитория Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тұрақты даму саласындағы стратегиялық ұстанымын, ғылыми және әлеуметтік миссиясының ауқымдылығын бейнелейді.**

Салтанатты ашылуға университеттің Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор міндетін атқарушы, PhD, қауымдастырылған профессор Марғұлан Ибраимов, аудиторияның де-меушісі, жұмыс беруші серіктес – «ПСК Строй-Инвест» ЖШС басқарушы директоры Сәкен Абенев, сондай-ақ оқытушы-профессор құрамы, докторанттар мен студенттер қатысты. Аудитория университет қабырғасында тұрақты даму қағидаттарын ілгерілетуге арналған ғылыми-танымдық, зерттеу және талқылау алаңы ретінде ашылып отыр. Мұнда болашақ сарапшылар мен зерттеушілер әлеуметтік мәселелерді шешудің кешенді жол-

# ҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕ ҮЙЛЕСІМДІГІ

дарын ұсынуға мүмкіндік алады.

Аудитория ашылуынан кейін «Жаһандық өзгерістер жағдайындағы тұрақты экономикалық даму парадигмасы: сын-қатерлер, салдар, мүмкіндіктер» атты III халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында «Қазақстан өңірлерінде ТДМ-1 және ТДМ-8 жүзеге асыру: табыс теңсіздігі және кедейлікті азайтудың тетіктері» тақырыбында кеңейтілген фокус топ отырысы өтті.

Фокус топ AP23489032 «Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерліктің әсерін әлеуметтік турбуленттіліктің жергілікті тәуекелдерін азайту тұрғысында зерттеу» жобасы аясында ұйымдастырылды. Іс-шара өңірлік деңгейде табыс теңсіздігі мен кедейлікті төмендетуге бағытталған тиімді саясат пен практикалық шешімдерге назар аударды.

Фокус топтың мақсаты – Қазақстан өңірлерінде Тұрақты даму мақсаттарының жүзеге



асырылу барысын, атап айтқанда ТДМ-1 (Кедейлікті жою) және ТДМ-8 (Экономикалық өсім және лайықты жұмыс орындары) бағыттары бойынша прогресті талқылау және тиімді шешімдерді іздестіру. Іс-шарада әлеуметтік саясаттың, мемлекеттік қолдау бағдарламаларының, кәсіпкерліктің және инновациялық тәсілдердің табыс теңсіздігі мен кедейлікті азайтуға ықпалы қарастырылды.

Фокус топ жұмысы мынадай мәселелерді қамтыды:

- Қазақстандағы табыс теңсіздігі және кедейліктің қазіргі ахуалы;
- ТДМ-1 (Кедейлікті жою) және ТДМ-8 (Экономикалық өсім және лайықты жұмыс

орындары) аясындағы өңірлік тәжірибелер;

- Атаулы әлеуметтік көмектің трансформациясы және «Отбасының цифрлық картасы»;

- Бизнесіні таландырудың әлеуметтік әсері мен өңірлік экономикаға ықпалы;
- Мемлекеттік қолдауды жетілдіру жолдары.

Фокус топқа жергілікті атқару органдарының өкілдері, кәсіпкерлер және жұмыс берушілер белсенді қатысып, өңірлік деңгейдегі тәжірибе, өзекті проблемалар және оларды шешудің баламалы жолдары бойынша пікір алмасты. Атап айтқанда Нұртуған Оралбаев (ҚР Ұлттық экономика министрлігі «Экономи-

калық зерттеулер институты» АҚ Орнықты даму мақсаттары хатшылығы директорының орынбасары), Әсел Жамашева (Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің бас инспекторы), Алуа Әлішерқызы (Жамбыл облысы әкімдігінің Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Әлеуметтік көмек көрсету, мүгедектермен және ардагерлермен жұмыс бөлімінің бөлім басшысы), Гүлмира Жексембаева (Еңбек нарығын жинақтап талдау, болжау және дамыту бөлімінің басшысы), Рафхат Лесұлы (Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы), Галия Дмитриева (Associate Director, KPMG), Әзиза Әкімхан (инвестициялық аналитик, IFC, World Bank Group) баяндама жасады.

Бұл іс-шаралар Қазақ ұлттық университетінің жаһандық деңгейдегі әлеуметтік жауапкершілігін, ғылыми әлеуетін және тұрақты дамуға қосып жатқан үлесін айқын көрсетті. Университет білім беру мен зерттеулер арқылы ТДМ 1-17 бағыттарында кешенді жұмыс жүргізіп келеді. Жаңадан ашылған аудитория мен фокус топ – бұл университет қабырғасындағы тұрақты диалог пен зерттеу алаңының бастауы ғана. Алдағы уақытта ҚазҰУ өңірлік саясатты жетілдіру, табыс теңсіздігін азайту және кедейлікпен күресу жолында мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен және бизнес құрылымдармен бірлесе отырып, жаңа ғылыми жобалар мен практикалық ұсыныстар әзірлеуді жалғастырады.

**Галия ДӘУЛИЕВА,**  
ЭЖБЖМ деканы м.а.



**Қазіргі заманғы білім беру жүйесі жаңа технологиялар мен цифрлық ресурстарды белсенді түрде қолдануда. Білім беру саласында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізу оқушылардың оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, олардың пәнді тереңірек түсінуіне де мүмкіндік береді. Әсіресе физика секілді күрделі ғылыми пәнді меңгеруде ЖИ-дың қолданылуы оқушыларға тәжірибелік және теориялық білімді тиімді үйлестіруге жол ашады.**

Физика – нақты заңдылықтарға негізделген, логикалық ойлау мен математикалық есептеуді талап ететін ғылым. Алайда көптеген оқушылар үшін бұл пәнді игеру қиынға соғады. Осы орайда, ЖИ технологиялары оқыту процесін жеңілдетіп, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра алады.

ЖИ-ды физикада қолданудың негізгі артықшылықтары:

1. Адаптивті оқыту жүйелері – әрбір оқушының білім деңгейіне сәйкес жеке оқу

## ЖИ технологиялары оқыту процесін жеңілдетеді

жоспарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2. Виртуалды зертханалар – физикалық тәжірибелерді қауіпсіз әрі нақты модельдеу арқылы түсіндіруге көмектеседі.

3. Автоматтандырылған бағалау жүйелері – тест нәтижелерін талдау арқылы оқушылардың әлсіз тұстарын анықтап, қосымша тапсырмалар ұсынады.

4. Интерактивті симуляциялар – күрделі физикалық құбылыстарды визуализациялау арқылы материалды жеңіл қабылдауға ықпал етеді.

ЖИ-дың көмегімен физиканы оқыту оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, олардың ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыруға жол ашады. Елімізде бұл технологиялар жаңа қарқынмен дамып келе жатқанымен, оны білім беру саласына толыққанды енгізу үшін кешенді қолдау қажет.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстандағы ең ірі жоғары оқу орындарының және білім мен ғылым саласындағы инно-



вациялық көшбасшылардың бірі. Университет жасанды интеллект технологияларын білім беру процесіне енгізуге ерекше назар аударады.

ЖИ игеру бағытында ҚазҰУ-дың қазіргі ұсынатын мүмкіндіктері:

1. Ақпараттық технология-

лар және жасанды интеллект бағытындағы білім беру бағдарламалары – университет студенттері ЖИ негіздерін меңгеріп, оны түрлі салаларда қолдануды үйрене алады.

2. Зерттеу зертханалары мен IT-парктер – студенттерге физика және ЖИ саласындағы инновациялық жобаларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

3. Цифрлық білім беру платформалары – қашықтан оқыту мен онлайн-курстар арқылы заманауи технологияларды игеруге жол ашады.

4. Халықаралық серіктестіктер – әлемдік деңгейдегі жетекші университеттермен бірлесе отырып, студенттерге жоғары сапалы білім алуға жағдай жасайды.

5. Стартап және инновациялық жобаларды қолдау – ЖИ-ды білім беру саласында пайдалану бойынша студенттік бастамалар мен жобаларға қолдау көрсетіледі.

ҚазҰУ-дың білім беру бағдарламалары ЖИ технологияларын меңгеруге және оларды мектептерде қолдануды дамы-

туға бағытталған. Университет түлектері мектептерде ЖИ құралдарын енгізу арқылы оқыту әдістерін жаңғыртуға үлес қосуда. ЖИ бағдарламаларын оқу процесіне енгізу барысында бұл технологияларды ең тиімді көмекші құрал деп бағалауға болады. Күнделікті жаңа сабақты түсіндіру барысында, практикалық және лабораториялық жұмыстарда ЖИ бағдарламаларын қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және де мұғалімнің уақытын үнемдеуге көп септігін тигізеді.

Жасанды интеллект технологияларын физика пәнін оқытуда қолдану – еліміздің білім беру жүйесін дамытудағы маңызды қадам. Бұл әдіс оқушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ғылыми және шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. ҚазҰУ осы бағытта озық білім беруді қамтамасыз етіп, жас мамандарды жаңа технологияларды меңгеруге дайындап келеді. ЖИ-дың көмегімен физика пәнін меңгеру болашақта білім беру сапасын арттырудың және ғылыми жаңалықтар ашудың басты жолдарының бірі болмақ.

**Оңал ШАМШИДИН,**  
«Физика» мамандығының  
1-курс магистранты

**Әсел АШЫҚБАЕВА,**  
ПФН және КФ  
кафедрасының доценті

Есть люди, которые не просто выбирают профессию, а делают её частью своей души, своего жизненного пути. Они не только работают, но и вдохновляют, передают знания, раскрывают таланты, создают новые горизонты. Такой человек — Елена Викторовна Злобина, доцент кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов КазНУ, преданный педагог и наставник.

# Призвание — быть педагогом



Викторовна – требовательная, но справедливая, строгая, но понимающая. Она не только обучает, но и поддерживает, направляет и вдохновляет. Её студенты знают – она всегда поможет разобраться в сложных вопросах, всегда найдёт способ объяснить и показать, что химия — это не просто формулы, а целый мир взаимосвязей и закономерностей.

Коллеги ценят её за доброжелательность, высокую ответственность, неиссякаемый интерес к новому. Под её руководством защищены три кандидатские диссертации, опубликовано более 120 научных работ. Она организует научные конференции, участвует в общественной жизни факультета, проводит конкурсы для студентов. А её научные труды и разработки в области

экстракции и сорбции металлов вносят значимый вклад в развитие аналитической химии. Главное в работе Елены Викторовны – это её искренняя любовь к своему делу. Она не просто учит, она живёт преподаванием, и каждый, кто с ней работает или учится, чувствует её вдохновение и преданность своему призванию.

Сегодня Елена Викторовна отмечает свой 60-летний юбилей — важную и знаменательную дату. Коллеги, студенты и выпускники искренне благодарны ей за многолетний труд и вклад в образование. Пусть впереди ждут новые свершения, яркие открытия, благодарные ученики и множество светлых, счастливых дней!

Коллектив кафедры и Центра физико-химических методов исследования и анализа поздравляет Елену Викторовну с 60-летним юбилеем. От всего сердца желаем Вам крепкого здоровья, неиссякаемой энергии и вдохновения! Пусть каждый день будет наполнен радостью, теплом, заботой близких и уважением коллег. Пусть все Ваши начинания продолжают приносить успех, а годы только прибавляют мудрости, счастья и душевного тепла.

**Акмарал АРГИМБАЕВА,  
Лейла КУДРЕЕВА,  
ассоциированные  
профессора КазНУ**

23 марта 2025 года ушел из жизни профессор кафедры биоразнообразия и биоресурсов факультета биологии и биотехнологии Есжанов Бирликбай Есжанович.

Есжанов Б.Е. являлся известным ученым-зоологом, кандидатом биологических наук, доцентом, профессором кафедры биоразнообразия и биоресурсов факультета биологии и биотехнологии КазНУ имени Аль-Фараби, обладателем звания «Лучший автор». Всю свою профессиональную деятельность он посвятил как преподавательской деятельности, так и написанию различных трудов и книг, посвященных изучению животного мира и охране природной среды. Учебные пособия, которые помогут получить основные виды знаний по изучению биологии, помочь раскрыть тайны жизни, объяснить сложные явления, происходящие в живой природе.

# Всегда будем ПОМНИТЬ!

В 1964 году был поступил в естественно-географического факультета Казахского Государственного Педагогического института им. Абая. В 1972 году с отличием окончил и получил диплом особого образца. В том же году поступил в аспирантуру по специальности «Зоология», где занимался по теме «Эколого-морфологические особенности сайги Бетпақдалинской популяции». В последующие годы Б.Есжанов изучал биосферу грызунов как вредных (распространители особо опасных болезней), так и промысловых видов грызунов все еще полностью неосвоенных песчаных пустынь Казахстана (Қызылқұм, Мойынқұм, Южное Приблхашье-Тауқұм, Сарыесік-Атырау). С 1991 по 2001 год работал старшим научным сотрудником, одновременно по совместительству занимался преподавательской деятельностью на кафедре зоологии и ихтиологии КазГУ имени аль-Фараби.

В 1991-1993 годах вел по республиканскому телеканалу программы «Мы и природа», «Бақыт құсы», а в 1995-1997 годах на страницах республиканского журнала «Зерде» вел экоклуб «Дуадақ» и «Елік». В эти годы проводил научные работы по промысловым (сибирский горный козел, косуля, кабан) и редким видам (кулан, архар, джейран) млекопитающим в Национальном парке «Алтын-Эмель» и в Центральном Казахстане (1996-2002 гг.).

В 1994-1996 и 2001-2002 гг. по совместительству работал на кафедре зоологии и ихтиологии КазНУ им. Аль-Фараби, а с 2002 г. штатным сотрудником кафедры биоразнообразия и биоресурсов – доцентом, и.о. профессором. Читал курсы: «Зоология позвоночных», «Биоразнообразие животного мира», «Экология животных», «Этология животных», «Поведение животных», «Почвенная зоология», «Виды-биоиндикаторы», «Общая ихтиология», «Ихтиогеография», «Мониторинг водоемов», «Биология и экология рыб», «Медицинская териология», «Экология сельскохозяйственных вредителей», «Охрана редких и исчезающих видов позвоночных», «Популяционная экология», «Теория формиро-



вания запасов рыб», «Разнообразие позвоночных животных Казахстана», «Проблемы сохранения биоразнообразия животного мира», «Биоресурсы Казахстана», «Экологическая экспертиза водоемов», «Основы сохранения водных биоресурсов», «Популяционная биология», «Биопродуктивность водоемов», «Териология», «Орнитология», «Методы зоологических исследований» и т.д. В 2024 году вышел полный определитель птиц Казахстана «Қазақстан құстары. Далалық анықтағыш», переведенный Бирликбаем Есжановым и Кылышбаем Мусабековым на государственный язык.

Б.Есжанов принимал активное участие в общественной жизни. Неоднократно был назначен председателем ГАК у выпускников специальности «Охотоведение и звероводство» КазНАУ, являлся членом республиканской комиссии по Красной книге, членом научнотехнического Совета ГНПП «Алтын-Эмель», консультантом по научной работе Алакольского государственного запovedника (Мосин И.), Жонгар-Алатауского национального природного парка (Молдахан Ж.), был членом методического Совета, общества «Қазақ тілі» факультета биологии и биотехнологии и т.д.

Мы всегда будем помнить и чтить память известного ученого-зоолога Бирликбая Есжановича, заложившего вклад в развитие науки нашей страны.

**Альмедина ШАЙХАТ,  
студентка факультета  
журналистики**

# Самому читаемому автору благодарность от «АиФ»

На днях редакция одной из наиболее известных и популярнейших газет «Аргументы и факты - Казахстан», филиала авторитетных и успешных изданий России, выразила признательность, вручила Благодарственное письмо нашему педагогу, старшему преподавателю кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации Кудабая Арману Актайулы.



ликаций, статьи преподавателя факультета журналистики попадали в тройку самых читаемых материалов номера, при этом четыре раза они занимали первое место в этом рейтинге. Кроме того, что это стало лучшим результатом среди внештатных авторов газеты, в тексте благодарности особо отмечалась актуальность и ос-

тота самих колонок, которые вызвали заметный резонанс среди читателей в 2024 году.

Сам автор статей известен в медиа-кругах как эксперт по межнациональным и межконфессиональным отношениям, участвует в экспертной работе Комитета общественного развития Общественного совета г.Алматы, не раз выступал на других площадках и в средствах массовой информации серией злободневных статей и интервью по самым острым вопросам, включая проблему усиления религиозности среди учащейся молодежи.

Арману Актайулы в КазНУ имени Аль-Фараби работает с 1993 года, занимал должности заместителя декана, заместителя проректора университета по воспитательной работе и социальным вопросам. Автор и соавтор 8 учебных пособий.

**Каиржан ТУРЕЖАНОВ**

За прошлый год А.Кудабай вырвался в число самых читаемых авторов этого издания, где он, являясь внештатным колумнистом, ведет собственную авторскую колонку. Согласно статистике сайта газеты kzaif.kz, фиксирующей каждую неделю рейтинг пуб-

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы танымал айтыскер Серік Қалиевты жастарға көшбасшылық дәріс оқуға шақырды. Өзім жетекшілік ететін «Асыл сөз» стартабының негізгі мақсаты – ел руханиятын дамытуға үлес қосқан асыл тұлғалардың өмірін, еңбектерін көрсету, түсіндіру, оқыту.

## Жастар мол рухани мағлұмат алды



Жиналған білім алушылар Серік ақынның шығармашылығына риза болды, шайырдың өзі шығарған ән-жырын тыңдады. Ақынның шәкірттерге берген батасы жастардың да көңілінен шығып, рухтанды. Ақынның шығармашылық жолынан

фото-шежіресімен танысып, айтыс өнеріндегі әсерлі әңгімесінен ерекше әсер алды. Ақын өнер көрсетіп, қызықты сұрақ қойған шәкірттерге кітап сыйлап, болашақта да рухани байланыста болатынын айтты. Шетелден келген қазақ балалары еліміздегі осындай танымал тұлғалармен танысып, әдеби шығармаларын оқып, мол мәдени азық алып жатыр.

**Жанна ӘДІЛХАНОВА,**  
ҚазҰУ-дың  
аға оқытушысы

Қазақ тілін IT саласына бейімдеу, оны жасанды интеллект, үлкен деректер қоры, желілік ресурстарда және лингвистикалық талдау құралдары негізінде жүйелеу қажеттігі жаңа білім беру бағдарламасының сұранысын айқындайды.

## Жаңа мамандықтың түңғыш магистрантымын


Аталған білім беру бағдарламасының үйлестірушісі – филология ғылымының кандидаты С.Иманқұлова. Бағдарламаны әзірлеушілер – Б.Каспихан, Ж.Саткенова және А.Ақжігітова.

Білім беру бағдарламасында «Қазақ тілі және жасанды интеллект», «Цифрлық технологиялар және компьютерлік лингвистика», «Қазақ тіліне арналған тілдік технологиялар», «Лингвистикалық деректерді талдау», «Қазақ тіліндегі цифрлық құралдарын әзірлеу» сияқты модульдер қарастырылған.

Мен қазір осы білім беру бағдарламасының түңғыш магистранты ретінде табиғи тілдерді өңдеу (NLP), тілді модельдеу, машина-

лық оқыту, қазақ тілінің лингвистикалық корпустарына талдау жасау сияқты қолданбалы жұмыстармен танысып, теориялық білімді жетілдіріп жатырмын. Мұндай жаңа бағыт қазақ тілі біліміне деген жаңаша көзқарас қалыптастырды. «Цифрлық қазақ тілі» бағдарламасына түскеніме қуаныштымын, қазақ тілі мен технология кіріктірілген осындай бағдарлама арқылы шешімін таба алмай жатқан қазақ тілінің қолданбалы мәселелерін шешуге көмек береді деген ойдамын.

**Шұғыла ҚАЗИҚЫЗЫ,**  
«Цифрлық қазақ тілі»  
мамандығының  
1-курс магистранты



Адам жаратылысындағы қасиеттің бірі сол – ол өзінің көздегеніне талпынуда басқа адаммен немесе топпен байланыс жасайды. Кез келген адам осындай жағдайда болады.

## «Жас ғалым» жобасының жеңімпаздары



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанттары «Жас ғалым» республикалық жобасында үздіктер қатарынан көрінді.

Жобаның мақсаты – жоғары білікті және бәсекеге қабілетті зерттеушілерді қалыптастыру, ғылымға дарынды жастарды тарту және жас зерттеушілердің үлесін арттыру.

2025-2027 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының «Мұнайхимия» мамандығы бойынша докторанттары Мағира Жылқыбек (ғылыми жетекшісі – асс. профессор Т.Байжұманова) «Парниктік газдарды кәдеге жарату үшін полиоксидті катализаторларды әзірлеудің іргелі негіздерін дамыту» тақырыбымен қатысты.

Докторант Фируза Ахметова конкурста (ғылыми жетекшісі – профессор Е.Әубәкіров) «Тозған полимер қалдықтарын отын дистилляттарына термодинамикалық өңдеу процесі үшін композитті катализаторларды жасау» тақырыбын қорғады.

Білікті ғалымдардан құралған комиссия шешімімен ҚазҰУ жас ғалымдарының ғылыми әзірлемелері үздік деп танылып, гранттық қаржыландыруға ие болды. Бұл



жас ғалымдарымыздың ғылыми зерттеулерінің маңыздылығы мен жаңашылдығын көрсетеді.

Жас ғалымдардың ғылыми нәтижелері еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруға үлес қосатынына толық сенім бар.

**Гүлбану ЖАҚСЫЛЫҚОВА,**  
Физикалық химия, катализ  
және мұнайхимия  
кафедрасының доценті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ

**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ

**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30,  
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: **64787**

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.